

Қазақстандағы инфляция және инфляцияға қарсы саясат

Түйіндеме. *Инфляция ең алдымен тауар бағаларының өсуі және шетел валюталарының қымбаттауы ретінде көрінеді. Алтын немесе күміс ақша айналымы кезінде инфляция болмайды, неге десеңіз, ақша ол кезде құндылықтың белгісі емес нақты құндылықтың өзі болған; қажетті ақша көлемі алтын-күміс қорымен реттелген. Қағаз ақша айналымында жағдай басқаша қалыптасады. Инфляция дегеніміз күрделі де көп факторлы құбылыс; ол қағаз ақша айналымына негізделген экономикаға тән және ұдайы өндіріс процесінің бұзылуымен сипатталады. Сауданың пайдасынан қоғамға тигізетін зияны көптеу, алып-сату түрі тез дамиды. Спекулятивті бизнес ұсыныстың, өндірістің өсуіне ықпал жасамайды, керісінше, өндіріс тоқырауға ұшырайды.*

Кілттік сөздер: *инфляция, тауар, валюта, сұраным, қажеттілік, ұсыныс, диспропорция, гиперинфляция, спекулятивті бизнес, нарық, страгфляция.*

Қазақстандағы және басқа да ТМД елдеріндегі қазіргі инфляцияның себептеріне: 30-жылдардан басталған өндіріс құралдары мен тұтыну заттары өндірісінің дамуындағы аяқ асты орын алған сәйкессіздік; қорғанысқа кететін үлкен шығыстар; Қазақстандағы өнеркәсіптердің өндіру салалары мен ауыл шаруашылығының дамуына салынған капитал жұмсалымдарының тиімсіздігі; баға белгілеудегі қателіктер және бағаның өзіндік құннан өте көп мөлшерде алшак болуы. Бағаны ырықтандырмайынша нарықтық қатынастарға өту мүмкін еместігінің салдарынан, бағаның бірден өсуіне, инфляцияға жол берілді.

Экономикадағы инфляцияның деңгейін сипаттайтын басты көрсеткішке тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) жатады. Ол үй шаруашылығының «тұтыну қоржынына» жататын жекелеген тауарларға, қызметтерге оның үлес салмағын ескере отырып, бағаның өсуі индексі негізінде анықталады. ТБИ Қазақстанда 1991 ж. бастап анықталды. «Тұтыну қоржыны» 275 тауарлар мен қызметтер түрін қамтиды. Бағаның құрылымы мен тұтыну тауарларының өзгеруіне байланысты ТБИ қайта қаралып, өзгеріп отырады. 1996 ж. шілдеден бастап, 1995 жылғы әрбір жанұя бюджетін зертеу нәтижесінен келіп «тұтыну қоржынындағы» тауарлар мен қызметтер үлесі былай анықталынды: тамақ өнімдері -62,6% (бұрынғасы — 58,2% болған), азақ-түлік емес тауарлар — 23,2% (30%); ақылы қызмет — 14,2%(11,8%).

Шартты түрде инфляцияны мынадай түрлерге бөлуге болады: глобалдығына қарай — локальдық, яғни жекелеген елдерде ғана орын алатын және дүниежүзінде; даму қарқынына қарай — төмен, бәсең, гиперинфляция және супергиперинфляция,

яғни бағаның өсуі 5%-дан аспайтын болса; циклдігіне қарай — жылжымалы (бағаның біртіндеп өсуі), тұрақты, сатылы.

Егерде инфляция экономикадағы құлдырауға байланысты болса онда бұл стагфляция деп аталады. Көп уақыттар бойы айналыстағы ақша массасы мен инфляция арасындағы тәуелділік экономис-монетаристердің назарында болды, солардың ішінде танымал Милтон Фридмэн де бар. Монетаристер ақша массасындағы өзгеріс - инфляцияның негізгі факторы болады деп санайды. Инфляция процесінің Қазақстандағы дамуы да осы көзқарасты куәландырады. Айналыстағы ақша массасының өсу қарқыны бағаның үнемі өсуін ынталандырды. Осылайша, 1993 жылы ақша массасы 6,3 есе, ал баға 21,7 есе; 1994 жылы ақша массасы мен инфляцияның өсу қарқыны соған сәйкес 845% және 125%; 1995 жылы — 216% және 160% құрады. 1996 жылы ақша массасының өсуі баяулап, инфляцияның біршама төмендеуіне жол берді.

Қазақстан тәжірибесі инфляциямен күресу тек қана фискалды-ақша саясаты көмегімен жүзеге асырылатынын куәландырады. Бұл облыстағы көптеген экономистердің зерттеулері, қай елде болмасын, жылына 30—40%-дан асатын инфляция жағдайында экономикалық өсуге қол жеткізу мүмкін еместігін көрсетеді.

Инфляция ең алдымен тауар бағаларының өсуі және шетел валюталарының қымбаттауы ретінде көрінеді. Алтын немесе күміс ақша айналымы кезінде инфляция болмайды, неге десеңіз, ақша ол кезде құндылықтың белгісі емес нақты құндылықтың өзі болған; қажетті ақша көлемі алтын-күміс қорымен реттелген. Қағаз ақша айналымында жағдай басқаша қалыптасады. Мұнда қағаз ақша байлықтың тек белгісі ғана. Қағаз ақша қазына сақтау қызметін толық атқара алмайды. Қор сақтау үшін адамдар ақшасына құнды заттар алуға ұмтылады. Қор ретінде қағаз ақша шектеулі көлемде ғана сақталады. Олардың көбі айналымға шығарылады, айналымдағы ақша көлемі қажеттіліктен тыс өседі. Артық ақша сұранымды арттырады. Артық сұраным, өз кезегінде, бағаларға қатты ықпал жасап, оларды көтеріп жібереді.

Инфляция дегеніміз күрделі де көп факторлы құбылыс; ол қағаз ақша айналымына негізделген экономикаға тән және ұдайы өндіріс процесінің бұзылуымен сипатталады. Қағаз ақша қазына сақтау қызметін толық атқара алмайды. Қор сақтау үшін адамдар ақшасына құнды заттар алуға ұмтылады. Қор ретінде қағаз ақша шектеулі көлемде ғана сақталады. Олардың көбі айналымға шығарылады, айналымдағы ақша көлемі қажеттіліктен тыс өседі. Артық ақша сұранымды арттырады. Артық сұраным, өз кезегінде, бағаларға қатты ықпал жасап, оларды көтеріп жібереді. Батыс елдерінде 10%-ке дейінгі баяу инфляция қауіпті деп саналмайды. Керісінше, белгілі бір жағдайда баяу инфляция экономиканың дамуын жеделдететін фактор ретінде түсіндіріледі. Баға өскенде тұрғындар тауарды көбірек сатып алады, кейін ол одан да қымбатқа түсетінін біледі. Бұл, өз кезегінде, өндірушілерді ұсынысты арттыруға ынталандырады, нарық тауарға тез толады. Инфляция жағдайында әртүрлі салаларда баға бір қалыпты өспейді. Сондықтан, инфляция экономикада қалыптасқан

диспропорцияларды түзетуге және нарық шаруашылығын сауықтыруға мүмкіндік береді. Баяу инфляция кезінде бағалар еңбекақыдан тезірек өседі. Бұл жағдайда өндіріс шығындары төмендеп, кәсіпкерлік дамиды. Бірақ, 10%-тен асқанда инфляция қауіпті.

Экономика әсіресе гиперинфляция жағдайында бағалар деңгейі бірнеше процентке емес, бірнеше ретке өседі, ақша тез құнсызданады, өндіріске инвестиция жасау тиімсіз болады. Сондықтан қаржы ресурстары айналым мерзімі қысқа сауда сферасына ауысады. Сауданың пайдасынан қоғамға тигізетін зияны көптеу, алып-сату түрі тез дамиды. Спекулятивті бизнес ұсыныстың, өндірістің өсуіне ықпал жасамайды, керісінше, өндіріс тоқырауға ұшырайды. Тоқырау мен инфляция қосылған соң нарықтың оңды әсерлері толық жойылып, нарық механизмі енді экономикаға теріс әсер ететін болады. Сондықтан стагфляциядан шығу үшін мемлекет тарапынан инфляцияға қарсы жедел және жүйелі іс-шаралар бағдарламасы жасалып, іске асырылуы қажет болады.

Филлипс қисық сызығы және стагфляция. Ағылшын экономисі Филлипс ХХ ғасырдың 50- жылдарында жұмыссыздықтың нормасы мен жалақының өсімі арасында тәуелділік бар екендігіне назар аударған. Оның қорытындысы бойынша, жұмыссыздықтың кейбір дәрежесінде жалақының дәрежесі тұрақты және оның өсімі нөлге тең болады. Жұмыссыздық осы табиғи дәрежеден төмен болса, онда жалақының өсімі шапшаңдайды және кеісінше. Соңынан жалақы мен бағаның өсуінің өзара қатал байланысы бар тезис пайдаланылып, осы заңдылық жұмыссыздық және бағаның өсу қарқынының өзара байланысы болып қайта өзгертілді. Филлипстің қисық сызығы жұмыссыздық пен инфляцияның арасында тұрақты және болжауға болатын керісінше байланыс бар екенін көрсетеді. Осыны кейншілердің, инфляция тек жұмыссыздықтың шамалы ғана дәрежесінде болуы мүмкін және керісінше деген тезисі де дәлелдейді. Экономикада практика жүзінде бағаларды өсірмейтін жұмыспен қамту дәрежесі болады. ХХ ғасырдың 50-60 жылдардағы дамыған елдердің статистикалық көрсеткіштерін зерттеудің қорытындысы Филлипс қисық сызығын толық растады. Сол жылдары көптеген елдердің экономикасында жұмыспен қамту толық жүзеге асырылды. Өндірісті одан әрі өсіруге және жұмыссыздықты қысқартуға мақсатталған шаралардың орындалуы бағаның өсуін шапшаңдатты және керісінше – инфляцияның қарқыны төмендеген сайын жұмыссыздық өсе түсті.

Инфляция мен жұмыссыздықтың арасындағы керісінше байланыс әр түрлі дәлелденіп отыр. Жартылай бұл жағдай еңбек нарығының бейімділігімен дәлелденеді. Еңбек нарығы жұмыспен қамтудың құрылымы бойынша сегменттелген сипаты бар, көптеген индивидуалданған нарық болып табылады. Осы жағдай мынаған әкеледі: еңбек нарығының кейбір сегментінде экономика бірте-бірте жұмыспен толық қамтуға жылжып отырғанда, жұмыссыздық практика жүзінде сақталады, еңбек нарығының басқа сегменттерінде қанағаттандырылмаған сұраныс сақталады. Бұларда шығындардың көбеюіне және бағаның өсуіне әкелетін жалақының өсуі жалғаса

түседі. Осы процестің макроэкономикалық нәтижесі – инфляцияның қарқынынң өсуі. Филлипс қисық сызығының басқа дәлелі бойынша, өндірушілер мен еңбекшілерге экономиканың өсу кезеңдерінде баға мен жалақының өсуін талап ету жеңіл түседі. Жоғары дәрежедегі жұмыссыздық жалданып жұмыс істеушілерді төмен жалақыға келісуге мәжбүр етеді, бұл инфляцияның «жалақы-баға» спиралін бұзады. Филлипс қисық сызығын жиынтық сұраныс пен ұсыныстың қисық сызықтарының талдауы айқын дәлелдейді.

Экономикада жиынтық сұраныстың өсуі ондағы диспропорцияларды шиеленістіреді, жаңа диспропорциялар тудырады, психологиялық тұрғыдан ресурстардың шектелуін арттыра түседі. Мұның нәтижесінде сұраныстың өсуімен қатар инфляция күшейе түседі. Мұның нәтижесінде сұраныстың өсуімен қатар инфляция күшейе түседі. Жиынтық сұраныстың өсімі көбейген сайын және экономика толық жұмыспен қамту дәрежесіне жеткен сайын, бағаның өсуі күшейе түседі. Филлипс қарсы сызығына көзқарастың екі бағыты бар деуге болады. Бірінші бағытта Филлипстің қисық сызығы экономикалық заң деп қаралады.

Бұл күшті инфляция мен жоғары жұмыссыздық бір мерзімде болмайды деген. Мемлекеттік реттеудің инструменттерінің әртүрлі қолданудың көмегімен қисық сызықтың әрқилы нүктелеріне сай келетін, инфляция мен жұмыссыздықтың ұштасуының қандайың болмасын жетуге болады. Сөйтіп, қисық сызықтың бойымен жоғары және төмен жылжыуға болады. Нүктенің қандайының таңдап алу керектігі, болып тұрғпн экономикалық ситуацияның және үкіметтің әлеуметтік-саяси бағдарлары мен белгіленеді. Филлипстің қисық сызығы туралы екінші бағыт инфляция мен жұмыссыздықтың арасындағы өзара байланыстарының тұрақтылығын және үзілмейтіндігін жоққа шығарады.

Экономикада орынды темпы берілген инфляция жағдайында жұмыспен қамтылудың ең жоғары деңгейіне жетуге болады. 20 ғасырдың 70-80 жылдардағы инфляция мен жұмыссыздықтың динамикасын талдау бұлардың арасындағы байланыстың өте тұрақты еместігін айқындады. Экономикалық дағдарыстар кезеңдерінде баға және жұмыссыздық бірге өсті. Осындай экономикалық ситуиция стагпляция деп немесе слампфляция деп аталады. Осы кезеңдегі инфляция мен жұмыссыздықтың өзара байланыстары туралы деректер екі қорытынды жасауға мүмкіндік берді: Филлипстің қисық сызығы оңға қарай жоғары жылжыйды да, енді инфляция дәрежесінің әрқайсысына жұмыссыздықтың өскен дәрежесі сәйкес келеді немесе осы құбылыстардың арасында байланыс болмайды.

Стагфляцияның пайда болуын Кейнстік мектептің экономисттері бірінен бірі келіп отырған ұсыныстың болмай қалуымен дәлелдейді. Бағалар мен жұмысты болудың өзара байланыстарының бұдан бұрынғы талдауы, өзгермейтін тұрақты ұсныс жағдайында, жиынтық сұраныстың дәрежесі өзгеріп тұратындығына негізделген болатын. Нәтижесінде стагфляция пайда болады және Филлипстің қисық сызығы жылжыйды. Неоклассикалық мектептің өкілдері стагфляцияны басқаша, адаптивтік

және рационалдық теориялармен дәлелдейді. Осы екі концепция экономикада жұмыссыздықтың табиғи деңгейі болады деп есептейді.

Экономикалық дағдарыс кезінде бір мезгілде бағалар да, жұмыссыздық та өсіп отырған. Осы кезеңдегі инфляция және жұмыссыздық туралы мәліметтер екі қорытынды жасауға мүмкіндік береді: инфляцияның әрбір дәрежесіне жұмыссыздықтың өскен дәрежесі сәйкес келеді, немесе, осы құбылыстардың арасында байланыс жоқ болады. Инфляцияның темпы мен жұмыссыздық дәрежесінің тәуелділігін мына теңдеу арқылы көрсетуге болады:

(1-кесте)

$$P = P^e - b(U - U^*) + AS$$

Мұнда, P – инфляцияның қарқыны;

P^e – инфляцияның күтілетін қарқыны;

U – нақты жұмыссыздықтың дәрежесі

U^* – табиғи жұмыссыздықтың дәрежесі;

b – 0-ден 2,5 дейінгі шамадағы коэффициент, Оукен заңы бойынша;

AS – ұсыныстың күрт өзгерістері.

Инфляцияға қарсы саясат деген бұл инфляцияны төмендетуге бағытталған мемлекеттік реттеу құралдарының жиынтығы. XX.ғ 60-шы жылдарынан бастап бағаны тікелей және жанама түрде реттеу мақсатымен барлық экономикаға ортақ шаралар қолданыла бастады.

Тікелей реттеу табыстар саясаты шеңберінде жүргізілді. Табыстар саясатын шартпен екі бағытқа бөлуге болады: жалақы мен бағалардың өсу нысаналарын белгілеу және осыларға тікелей бақылау жүргізу. Осыларды қолданып нақты табыстармен бағаның өсуін төмендетуге тырысқан жағдайлар болған. Нысаналарға еркін орындалуға тіпті ережелердің жиынтығы жатады. Бақылауға заң актілерінің күші тән болады. Нысаналар ретінде баға мен жалақы ставкалары өсуінің максималдық шегі пайдаланылған. Жалақы ставкаларының өзгерістері әдетте барлық экономикадағы еңбек өнімділігінің өсу қарқынымен байланыста болады; бағалардың өзгерістері еңбек ақыға жұмсалған шығындардың өзгерістерін өтеу үшін жүргізіледі. Осы бағыттың мәні мынада: жалдамалы жұмыскерлердің табыстары тікелей реттеледі, ал пайда- жанама түрде баға арқылы реттеледі.

Әдетте, бақылауды пайдалану үшін бағалар мен жалақыны белгілі уақыт мерзімі бойынша “тұрақты” етіп ұстап отыру туралы заң қабылданатын жалдамалы жұмыскерлер үшін табыстар саясатының дискриминациялық дәрежесі жоғары болады өйткені мемлекет органдары және өндірушілер бағалардан гөрі жалақыға бақылау жүргізуді ұнатады. Практика жағынан келсек, жалақыдан гөрі бағаларға бақылау жүргізу оңайға түспейді, өйткені тауарлар топтарының саны көп болады. Бұдан басқа, экономикада еңбек өнімділігі өсуі автоматты түрде ұлттық табыстағы жұмысшылардың үлесін салыстырмалы және абсолютті төмендетеді.

Табыстар саясатының бір вариантына әлеуметтік контракт жатады. Бағаның өсуі мен жалақының арасында тұрақты компромисс орнату үшін үкімет ірі кәсіпорындар мен кәсіподақтарының арасында келіссөз ұйымдастырады. Табыстар саясаты қашан болмасын дискуссия тудыратын. Осы саясаттың қарсыластарының айтуы бойынша, кәсіпкерлер мен кәсіподақтар жетекшілері өздерінің мақсатты қызметтерінен барынша көп пайда табу-бас тарта алмайды, сондықтан олар үкімет белгілеген нысаналарды өз еркімен орындамайды.

Заң жүзінде бағаның өсуіне шектеудің қойылуы, бағалрын жоғарлату пайдалы болатын тауарлардың көлеңкелі нарығын дамытуы мүмкін. Бағалардың өсуіне шек қоюды болдырмайтын келесі әдіс, ол буып-түйілген дайын өнімдердің сапасы мен салмағын төмендету. Осыдан басқа бағаға әкімшілік бақылау жүргізу нарықтың қызметін дұрыс атқаруына, ресустармен менкапиталдардың еркін жылжуына кедергі болады. Нәтижесінде, экономикада тапшылық жинақтала түседі, тұтынуды нормалау қажет туады. Табыстар саясатының жақтаушылары бойынша, егер кәсіпкерлер мен жұмысскерлер үкіметтің инфляциямен куресуге күші де, құралдары да жеткілкті деп сенсе, онда бұл саясат инфляциялық күтімдерді сөндіруге көмек береді. Нарық қызметінің тиімділігі туралы әңгіме құрғанда мына жағдайды атап өту қажет: монополиялық күштердің – тауар өндірушілердің ресустар иелерінің – бар болуының өз ресустардың бөлінуін бұрмалайды. Экономикада инфляцияның (әсіресе сұраныс түрткі болған) болуы осы тұжырымды дәлелдейді. Сондықтан, бағаға бақылау жүргізу жағдайда түзетуге көмек бере алады.

Бағаға ықпал жасаудың жанама әдістеріне монетарлық және фискалды саясаттың “дефляциялық” шаралары жатады. Алғашқыда олар циклға қарсы саясат көлімінде қолданған болатын. Орталық банк инфляцияның күшейуіне байланысты ақша массасының өсуіне, берілетін несиенің көлеміне, есепке алу ставканың өуіне және ашық нарықта сатылатын мемлекеттік құнды қағаздардың міндетті резервтерінің нормасына бірте-бірте шектеу еңгізеді.

Айналымдағы ақшаның көлеміне шек қоюдан басқа, мемлекет фискалдық әдістер арқылы жиынтық сұранысты азайтуға тырысады: мемлекеттік сатып алуға және инвестицияларға шек қойып, жеңілдіктерді жойып, немесе, тікелей және жанама салықтарды өсіріп, амортизациялық реттейтін ережелерді қатайтады. Инфляцияны төмендету мақсатымен валюта саясатының инструменттері пайдаланыуы мүмкін: шетелдерден келетін ақшаға шек қою, ұлттық валюта курсы көтеру.

“Дефляциялық” шаралардың тежеу жасайтын әсері алдымен экономикалық өсуді баяулатты және жұмыссыздықты өсірді, ал бағалардың төмендеуі елеулі болмады. Стагфляцияның пайда болуы дефляция саясатының кейбір инструменттерімен бас тартуға мәжбүр етті. Стагфляциямен куресудің неокласикалық бағытының балама жолдары бар. Оның мәні: инфляцияны төмендетуде қандайда болмасын құралдарды қолданбау үшін, экономикадағы осы және басқа процестерді қолдан шығарып алмауды көздеу керек.

Үкімет үшін инфляцияға қарсы саясат жүргізудің екі бағыты болады: оны бірте-бірте ұзақ мерзімді көздеп жүргізу немесе оны шұғыл жүргізу (“естен тандыру терапиясы”). Барлық жағдай елдің көлеміне, оның экономикасының болмысына, әлемдік нарыққа кірудің дәрежесіне және шарттарына, өзгерістерді халық аралық қаржы мекемелерінің қолдауына, ел ішіндегі әлеуметтік-саяси жағдайға және т.б. байланысты болады.

Қазақстанда инфляцияның дамуы “сұраныс пен ұсыныс” инфляциясының әр қилы ұштасуын қолдану арқылы жүріп отырады. Қазақстанда ақша массасының өсуінің үш себебін атап өтейік:

Біріншіден, Бюджеттік тапшылықты қаржыландыру үшін Орталық банктерден келген несиелер;

Екіншіден, Орталық банктің коммерциялық банктерге несиесі –қайта қаржыландыру үшін несиелер;

Үшіншіден, ТМД мемлекеттеріне несие - олардың Қазақстанмен саудаға тапшылығымен байланысты.

Қазақстанның өтпелі экономикасында алғашқыда инфляцияға қарсы шаралар тек “естен тандыру терапиясының” монетаристік әдістері қолдалынады. Бұлар күтекен нәтиже бермеді .

Қорыта айтқанда, инфляция көп факторлы құбылыс. Ол бағаның жалпы өсуі арқылы және нақты активтерге қарағанда ақша белгілерінің құнсыздануы арқылы бейнеленеді, жеке тауарлар бағасының қандай болмасын өзгеруі және баға өсуінің бәсеңденуі инфляция деп аталады. Инфляциядан бірде-бір ел қашып құтыла алған жоқ. Бірақ, олардың қай-қайсында да бұл процесс нақты, өзіндік өзгешелігі бар жағдайда өткені де түсінікті осылай да біздің бастан өткеріп жатқанымызды және оның себептері қандай екендігін айқындау өте маңызды. Сонда қалыптасқан жағдайдан шығудың балама жолдарын бағалау мүмкін болады.Отандық экономика ғылымда ондаған жылдар бойы инфляция біздің жағдайға сәйкес жабық тақырыптардың бірі болып келеді. Үстемдік еткен түсінік бойынша инфляция капитализмге тән анархиядан пайда болған нарықтық экономикалық дәстүрлі ауруы, жоспарлы шаруашылықта болуы мүмкін емес делінді.

Бірақ өмір бұл жалған ұғымды жоққа шығарды.Біздің еліміздегі инфляцияның терең себептерің факторлардың екі үлкен тобына: құрылымдық және монетардық деп бөлуге болады . Әрине, факторларды бұлайша шарты түрде ғана . Себебі, олардың арасында көптеген тікелей және кері байланыстар бар. Менің қысқаша талдауым бойынша мынандай тұжырым жасауға болады, елімізде инфляцияға қарсы күрес табысты болады. Ол үшін біріншіден, біздің халық шаруашылығын құрылымдылық қайта құрудың шарттары басым қамтамасыз ете білуімізге байланысты. Және екіншіден, ақша көлеміне бақылау және келешекте халық тұтынатын тауарлар өндірудің өсуі және олардың бағасын тұрақтандыру арқылы тізгіндеу мақсатында несие-ақша және бюджет-қаржы реттегіштерін кең көлемде қолданатын боламыз. Тек

осылайша кешенді жағынан келу ғана инфляциямен күресте жеңіске жетуді, ең әрі кеткенде оның қарқыны қажетті деңгейде ұстауды қамтамасыз ете аламыз. Ақшаның шығуы мен инфляцияның қағаз-ақша түрінде көрініс табуының басты проблемасы бар. Мұның өзі біздің қазіргі заманғы нарықтық экономикасының келесі проблемасына көшуге әзір.

Менің ойымша, ҚАЗАҚСТАНДЫҚ экономикадағы инфляциялық процестер шаруашылықтың жалпы құлдырауымен, экономикалық байланыстардың бұзылуымен, тым өсіп кеткен басқару аппаратын қаржыландырумен байланысты. Сондықтан ресурстарды жалпы үнемдеу мен бюджет тапшылығын жою, инфляцияға қарсы саясат жүргізудің құралына айналды.

Қолданылған әдебиеттер

1. Әкімбаев С., Баймұханбетова А., Жанайдаров У. Экономикалық теория. А: Тараз. 2008 ж.

2. Қожаниязов Т., Қожаниязова Ж. Қазіргі экономика. А: Тараз. 2001 ж.

Д.Д. Крючкова, научный руководитель *М.П. Логинов*
Уральский государственный экономический университет,
Екатеринбург, Россия

Особенности внешнеэкономических связей Свердловской области

Аннотация. *В статье рассматриваются некоторые показатели внешнеэкономической деятельности Свердловской области за последние годы. Также обращается внимание на нормативно-правовую базу, на основании которой осуществляется регулирование этой деятельности. Кроме того, анализируются основные проблемы, препятствующие успешному развитию внешнеэкономических связей, и предлагаются способы эффективного разрешения этих проблем путем привлечения инвестиций и совершенствования государственной политики в данной сфере.*

Ключевые слова: *внешнеэкономические связи, Свердловская область, инвестиции, внешнеэкономическая деятельность.*

Для начала обратимся к термину "внешнеэкономические связи". Экономисты рассматривают его с различных точек зрения: с точки зрения страны в целом и регионов. На уровне государства такие связи объединяют импорт и экспорт. Образование сальдо внешних связей - экономический результат этих связей, в которых экспорт рассматривается с положительной стороны, а импорт - с отрицательной. Если же рассматривать внешнеэкономические связи с точки зрения регионов, располагающихся в данной стране, то учитывается ввоз и вывоз продукции в эти регионы.